

Жаңартылған ас мәзірі

Мектепте 2025 жылдың 27 қаңтарынан бастап жаңартылған ас мәзірі бекітілді, оқушылардың жекелеген санаттары мен бастауыш сынып оқушылары үшін біріңғай азық-түлік бағасын ескере отырып жасалған 4 апталық ыстық тамақ мәзіріне сәйкес тамақтану ұйымдастырылды.

Күнделікті ас мәзірінде берілетін тағамдардың технологиялық карталары мен тағамның құны бірге көрсетілген. Оқушылардың жекелеген санаттары мен бастауыш сынып оқушылары үшін 1 оқушыға күніне тамақ құны құрайды:

6-10 жастағы оқушыларға (1-4 сыныптар) – 637 теңге

11-14 жастағы оқушыларға (11-14 сыныптар) - 745 теңге

15-18 жастағы оқушыларға (10-11 сыныптар) - 794 теңге

Күнделікті ас мәзірі бекітілініп, ілінеді. Мектеп медбибісі күнделікті тамақ сапасын тексеріп, бракеражды журналды толтырады.

Қазіргі уақытта 1-4 сыныптардың 480 оқушысы және 5-11 сыныптардағы АӘК алушы, аз қамтылған, қамқорлықтағы, ТЖ тобындағы 64 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды. Жалпы мектеп бойынша ыстық тамақпен 640 оқушы тамақтанады.

Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия айына 1 рет және қажетті жағдайда тамақ сапасын тексеріп отырады. Тамақтану бойынша қандайда бір сұрақтар туындаса, төмендегі телефондарға хабарласуларыңызға болады: 47-00-29, 47-26-87.



